Бөлім:	Рим империясының құлауы
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы
Күні:	23.09.2026 (6А) 23.09.2026 (6І)
Сынып: 6А, 6І	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Княгиня Ольганың Константинопольге сапары Киев Русін қалай өзгертті?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау
*Тарихи ойлау дағдысы *Тарихи концепт	Тарихи талдау мен түсіндіру Маңыздылық.
Сабақтың мақсаты	- Византияның дипломатиялық ерекшеліктерін, Киев Русімен қарым-қатынасын анықтау.
Құндылықтар	Әділдік пен жауапкершілік

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	**Қызығушылықты ояту** Мұғалім оқушылар назарына княгиня Ольганың бейнесі бар икона мен «Өткен уақыт жылнамасының 1 бөлімінен» үзіндіні ұсынады.  мұғалім оқушылар сұрақ қояды: «княгиня Ольга қолында не ұстап тұр?» **Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру**	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	**Мәтінмен жұмыс** Оқушылармен бірлесіп, зерттеу сұрақтары анықталады: Княгиня Ольганың шоқындыру себептері мен салдарын қарастыру; Византияның Киев Русімен қарым-қатынасын анықтау; Византия дипломатиясын Түрік қағанаты мен Киев Русімен салыстыру; Қорытынды жасайды. Осылайша, сабақтағы зерттеу жұмысы оқу мақсатына жетуге және	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды Оқушылар өз жұмыстарының	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар Суреттер

10 минут	«интерпретация» тарихи концептін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. **ЕББ**оқушыға тапсырма шығарылып беріледі. **1 тапсырма** 1. Княгиня Ольганың Византияға барудағы мақсаты қандайболды? 2. Княгиня Ольганың христиан дінінің қабылдауының себебінеде? ЕБҚ: оқушы шығарылып берілген тапсырманы орындайды **2 тапсырма** Оқушылар төменде берілген тұжырымдамалардың ақиқат/жалған екендігін жазбаша жеке жұмыс орындайды. 1. Рим империясы екіге бөлінді: Оңтүстік және Солтүстік (Шығыс және Батыс) 2. Оңтүстік Рим империясының екінші атауы – Византия империясы. (Шығыс) 3. бұл аймақта христиан дінінің католиктік бағыты кең тарап, халықтың тұрмыс –тіршілігіне ықпалын тигізді. (православиелік) 4. географилық орны тиімді болғандықтан, өзге елдермен әскери істі дамытуға мүмкіндік берді. (сауда) 5. көрші мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастардың дамуы, византиялық әскерлердің санын көбейтті. (көпестер) 6. Пионерлер – христиан дінін таратушылары. (миссионерлер) 7. Юстиниане I тұсында империя әлсіреді. (күшейді) 8. Юстиниан императоры ауқатты отбасынан шыққан.(кедей) 9. Юстинианның ішкі саясаттағы ұстанған лозунгы: «Бір мемлекет, бір заң, бір дін». (дұрыс) **ЕБҚ:** оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі. **3-тапсырма** Княгиня Ольга басқарған кезде қандай өзгерістер болды? Оларды қоғамның салаларына сәйкес орналастырыңыз: саяси / Экономикалық әлеуметтік / Мәдени **ЕБҚ:** оқушыға жеке жұмыс кезінде қасындағы сыныптастары және мұғалім диалог арқылы қолдау жасайды	қорытындылардың сынып алдында қорғайды. **ЕББ**оқушыға тапсырма шығарылып беріледі. Оқушылар тұжырымдамалардың ақиқат/жалған екендігін анықтайды Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады. Дескрипторлар: Византия мен Түрік қағанатының арасында қарым-қатынастағы айырмашылықтарды анықтайды; Византия мен Киев Русі арасында қарым-қатынастағы айырмашылықтарды анықтайды; Түрік қағанаты, Византия мен Киев Русінің ортақ саяси мүдделерін анықтайды.	«Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық» **ҚБ** «Өзін-өзі бағалау»	Ақпараттық мәтін Қосымша таратпа материалдар Тақырыптық суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
5 минут				
10 минут				

Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс «**Бұл сабақты оқып, мен…»** Білмеймін ..... Білемін ..... Түсінемін ..... Түсінемін және қолдана аламын .. Басқа біреуді үйрете аламын	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Княгиня Ольганың Константинопольге сапары Киев Русін қалай өзгертті?			